



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

or individuals. It should be noted that the complaint of the participant against the organizer of public procurement according to the law can be filed only once. The organizer, in turn, has the right to appeal the results of the in-house inspection no later than three working days from the date of publication of the in-house inspection report. If the in-house inspection did not reveal any significant violations, the Authorized Body draws up a certificate of in-house control and publishes it on the Internet resource of public procurement.

Thus, the world practice of organizing in-house control of purchases of control objects is of great interest to the Republic of Kazakhstan, since the control mechanism in domestic practice has many shortcomings that need to be eliminated in order to ensure the effectiveness of the regulation of the procurement institute.

### **Bibliographic list:**

1. Белова С.А Госзакупки за рубежом : общее и особенное № 6. 2008.-с.-2 <https://www.crn.ru/numbers/reg-numbers/detail.php?ID=18960>
2. Сембиева Л.М., Бейсенова Л.З., Шахарова А.Е., Нажмиденов Б.Т. Внутренний государственный аудит: Учебное пособие – 2019. – 285 с.
3. Закон «О национальной безопасности РК» от 06 января 2012 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527>
4. Правила проведения камерального контроля от 30 ноября 2015 года № 598 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012599>
5. Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» от 25 декабря 2017 года № 120-VI <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120>
6. Мубаракшина Э.Р. Зарубежный опыт организации государственных закупок//Вестник науки и образования № 1,2018. с.-3 <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyy-opyt-organizatsii-gosudarstvennyh-zakupok/viewer>

### **ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

***Жартыбек Д.Б***

Студент 1 курса, ОП «Государственный аудит»

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана,

Республика Казахстан

E-mail: [dzhartybek@bk.ru](mailto:dzhartybek@bk.ru)

**Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.

**Андатпа.** Бұл мақалада, қаржылық бақылау, мемлекеттік бақылау және аудиторлық бақылау арасындағы айырмашылық және де бақылау формаларының ерекшеліктері анықталады.

Бюджеттік құқықтық қатынастар саласындағы мемлекеттік қаржылық бақылау кез – келген заманауи мемлекеттік қаржы жүйесінің ажырамас, айрықша бөлігі болып табылады. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың ең басты өзегі мемлекеттің қаржы саясатын табысты іске асыруға жәрдемдесу, халық шаруашылығының барлық салалары мен буындарында қаржы ресурстарын қалыптастыру мен тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Келешектің тұтқасы, мемлекеттің есебінің дұрыс, қатесіз атқарылуында.

Мақалада Елбасымыздың «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың» жеке бір сала ретінде дамып, алға қарай жылжуы, жаңа көзқарастар мен стратегиялардың пайда болуы, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, мемлекеттік аудиттің озық жүйесін қалыптастырудағы маңызы көрсетілген. Сонымен қатар, бірнеше ғалымдардың және олардың еңбектерінен анықтамалар мен тұжырымдамалар кесте ретінде беріле отырып, қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит, аудиторлық бақылау терминдеріне деген анықтамалар көрсетілген.

**Кілтті сөздер:** қаржылық бақылау, аудиторлық бақылау, мемлекеттік аудит, бюджеттік қатынастар, тексеру, бақылау, қаржы ресурстары.

**Аннотация.** В данной статье выявляются различия между финансовым контролем, государственным контролем и аудиторским контролем, а также особенности форм контроля.

Государственный финансовый контроль в сфере бюджетных правоотношений является неотъемлемой, исключительной частью любой современной государственной финансовой системы. Главным ядром государственного финансового контроля является содействие успешной реализации финансовой политики государства, обеспечение формирования и эффективного использования финансовых ресурсов во всех отраслях и звеньях народного хозяйства. Ключ будущего является, в правильном, безошибочном исполнении госучета.

В статье показано развитие и продвижение главы государства как отдельной отрасли «государственного аудита и финансового контроля», появление новых подходов и стратегий, значение в формировании передовой системы государственного аудита на основе мирового опыта. Кроме того, приведены определения терминов финансовый контроль, государственный аудит, аудиторский контроль, приводимые в виде таблиц определения и понятия из нескольких ученых и их работ.

**Ключевые слова:** финансовый контроль, аудиторский контроль, государственный аудит, бюджетные отношения, проверка, контроль, финансовые ресурсы.

**Annotation.** This article identifies the differences between financial control, state control and audit control, as well as the features of forms of control.

State financial control in the sphere of budgetary legal relations is an integral, exclusive part of any modern state financial system. The main core of the state financial control is to promote the successful implementation of the financial policy of the state, ensuring the formation and effective use of financial resources in all sectors and links

of the national economy. The key of the future, in the correct, error-free execution of state accounting.

The article shows the development and promotion of the head of state as a separate branch of "state audit and financial control", the emergence of new approaches and strategies, the importance in the formation of an advanced system of state audit based on world experience. In addition, definitions of the terms financial control, state audit, audit control are given, definitions and concepts from several scientists and their works are given in the form of tables.

**Keywords:** financial control, audit control, state audit, budgetary relations, audit, control, financial resources.

Азаматтардың әлеуметтік қамтылуын, мемлекеттің тұрақты экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ең маңызды жүйесі – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын кең ауқымды инвестициялық және әлеуметтік жобаларды іске асыру мен бюджет саясатын жүзеге асыруда, халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында мемлекеттік аудиттің атқаратын рөлі орасан зор. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы жағдайында қаржылық бақылауды жетілдірудің аса маңызды бағыттарының бірі аудиторлық қаржылық бақылауды дамыту болып табылады. Мемлекеттік бақылаудың, әсіресе қаржылық, аудиторлық бақылау бұл мемлекеттік емес шаруашылық органдар санының көбеюімен және сәйкесінше қаржы, бақылау, есеп санында қызметтің сан алуан түрлерінің өсуімен, дамуымен байланысты болып отыр. Бюджеттік құқықтық қатынастар саласындағы мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылау кез – келген заманауи мемлекеттік қаржы жүйесінің ажырамас, айрықша бөлігі болып табылады.

Қаржылық бақылаудың маңыздылығы оны жүзеге асыру кезінде, біріншіден, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, азаматтардың қаржылық қызмет процесінде белгіленген құқықтық тәртіптің сақталуы, екіншіден, жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің экономикалық негізділігі мен тиімділігі, олардың мемлекет пен муниципалитеттердің міндеттеріне сәйкестігі тексерілетіндігінде көрінеді. Осылайша, ол жүргізілетін қаржылық қызметтің заңдылығы мен орындылығын қамтамасыз етудің маңызды тәсілі ретінде қызмет етеді. Экономиканың жай-күйін, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуын бақылау халық шаруашылығын басқарудың маңызды саласы болып табылады. Бақылау жүйесінің буындарының бірі – қаржылық бақылау. Оның мақсаты мемлекеттің қаржы саясатын табысты іске асыруға жәрдемдесу, халық шаруашылығының барлық салалары мен буындарында қаржы ресурстарын қалыптастыру мен тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Рыноқтың дамуына байланысты, нарықтық экономика жағдайында қаржылық бақылаудың рөлі бірнеше есе артуда. Қаржылық бақылау қаржылық бақылаудың мақсаты мен жағдайын анықтайтын қаржылық бақылау функциясын жүзеге асыру нысаны болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік-

экономикалық жағдайына байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық қызметті жүзеге асырудағы құқықтарының кеңеюі, кәсіпкерліктің әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарының пайда болуы қаржылық бақылаудың мазмұны айтарлықтар байытылды. Мемлекеттік бақылау нысандарының бірі мемлекеттік қаржылық бақылау болып табылады, ол демократиялық қоғамда және нарықта, экономика қаржы құқығының нормаларына негізделген заңдылығы мен орындылығын тексеретін органдар мен шаралар жүйесі білім беру саласындағы әрекеттер, ақшалай қаражатты бөлу және пайдалану мемлекеттік қорлар [1].

Қаржылық бақылаудың бақылаудың басқа түрлерінен айырмашылығы (экологиялық, әкімшілік, санитарлық және т.б.) құнды реттеумен және құн санаттарын пайдаланумен байланысты болып келеді. Тексерулердің мәні пайда, кірістер, кірістілік, шығындар, өзіндік құн, қосылған құн салығы, мемлекеттік салықтар, айналымдар, әртүрлі мақсаттар мен қорларға аударымдар сияқты қаржылық (құндық) көрсеткіштер болып табылады. Бұл көрсеткіштер синтетикалық сипатқа ие, сол себептен олардың орындалуын, динамикасын, тенденцияларын бақылау кәсіпорындардың өндірістік, экономикалық және коммерциялық қызметінің барлық аспектілерін, сондай-ақ қаржылық – несиелік қатынастар механизмінің қамтиды. Қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану кезіндегі, оның ішінде халық шарашылығының барлық деңгейлеріндегі ақша қаражаттарының қорлары түрінде ақшалай, бөлу деңгейлеріндегі ақша қаражаттарының қорлары түріндегі ақшалай, бөлу процесстері қаржылық бақылау объектісі болып табылады [2].

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырсақ, нарықтық экономиканың тиімділігін, оның ғылыми техникалық жетістіктерді өте жылдам қарқында бейімділігін және адамның қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді. Нарықтық қатынастарға тауар өндірушілердің экономикалық тәуелсіздігі, субъектілердің шаруашылық қызметіне әкімшілік араласуға жол бермеу, қоғамдық өнімді өндіру, айналымы және тұтыну саласындағы еркін экономикалық байланыстар тән. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруді жеделдету, өндірістік тиімділігін арттыру, нақты ортаны дамыту, қаржылық бақылауды жақсарту және қазіргі заманғы нарықтық инфрақұрылымды құру сияқты факторлардың маңызы зор. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев халқына Жолдауында: мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының алдына дүниежүзілік аудит тәжірибелері негізінде кешенді мемлекеттік аудиттің құрылуын талап етті. Мемлекеттің есебі дұрыс болса, онда бұл мемлекеттің алға қарай дамуына, жылжуына септігін тигізеді. Сол себептен, жүйелі аудиторлық, мемлекеттік аудиттің сапасын арттыру қажет.

Аудит – бұл тәуелсіз қаржылық бақылау. Тәуелсіз қаржылық бақылау мемлекеттік емес қаржылық бақылаудың бір түрі болып табылады. Аудиторлық бақылау – тәуелсіз аудиторлық фирма мен шаруашылық жүргізуші субъектілер иелерінің жасасқан келісімшарты негізінде қаржы шаруашылық қызметінің жай - күйін тексеру. Тәуелсіз қаржылық бақылауды арнайы ұйымдар – аудиторлық фирмалар немесе жеке аудиторлар жүргізеді. «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР

Заңының 3-тармағының 1-тарауына сәйкес аудит – мұндай Есептіліктің дұрыстығы туралы пікір білдіру мақсатында аудиттелетін тұлғаның бухгалтерлік есептілігін тәуелсіз тексеру. Қаржылық бақылаудың басқа түрлерінен айырмашылығы, аудит кәсіпкерлік қызметтің бір түрі болып табылады және шаруашылық жүргізуші субъект пен аудиторлық фирма арасында аудиторлық қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 2 мамырдағы №67 Жарлығымен өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы Жарлығымен Тексеру комиссиясы құрылды. Комиссияның негізгі міндеті – жергілікті бюджеттердің атқарылуын, сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерден тұратын комиссия төрағасы мен мүшелері облыстық мәслихан депутаттарының дауыс беруі арқылы жыл мерзімге тағайындалады [3].

Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 20 қарашасынан бастап Аудиторлық қызмет туралы Заң жұмыс істейді. Ол аудиторлық қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

Аудиторлық қызмет – бұл аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қаржылық есептеме аудитын жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар, өз қызметінің бағыты бойынша қаржылық есептеме аудитінен басқа да қызметтер көрсете алады. Мысалы, статистикалық және бақылау есептерін жасау, салықтық мағлұмдамаларды толтыру: қаржылық шаруашылық қызметінің анализін талдау; қаржылық, банктік, салықтық және т.б. шаруашылықтарға кеңес беру; автоматты түрде бухгалтерлік есепті жүргізуді үйрету; адвокаттық қызметпен байланысты емес, заңгерлік қызметті көрсету және сол сияқты т.б. Бірақ бұл шаруашылық қызметтерді көрсету үшін аудиторлық фирмалардың арнайы лицензиялары болуы қажет [4].

Қаржылық мемлекеттік бақылау мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, оның қаржы бұзушылықтары мен бюджеттің дұрыс пайдаланбау мәселелері де анықталды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының жаңа бюджеттік саясаты мен мемлекеттік аудитті енгізу мәселесі жолдауға сәйкес дайындалған, мемлекеттік органдарды толық бағалау мақсатында халықаралық стандарттарға сай және қаржылық есептілік аудитін қамтамасыз ететін мемлекеттік аудит енгізіледі. Осыған орай, мемлекеттік аудит – бұл объектілердің қызмет тиімділігін жалпы және тәуелсіз бағалау. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу мақсатында халықаралық стандарттарға және Лимдік декларациясының қағидаларына сәйкес заңдық және әдістемелік негізін құру болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың заңдық және әдістемелік негізін жетілдіру. Мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру 2 кезеңмен жүзеге асырылады: [5].

Кесте №1. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру кезеңдері

## **I кезең (2013-2014 жылдар аралығы)**

- *Бірінші кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылаудың заңдық және әдістемелік негіздемелері жетілдіріліп, мемлекеттік аудиттің заңдық және әдістемелік негіздері құрылды.*

## **II кезең (2015-2017 жылдар аралығы)**


- *Бұл кезеңде, ҚР "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау" туралы Заңы қабылданып және де мемлекеттік аудитті енгізу қалыптасқан мемлекеттік қаржылық бақылауды жою болып табылмайды, керісінше оның мемлекеттік аудитпен үйлесуін айтады.*

2018 жылдан бастап мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың барлық органдары мемлекеттік аудит стандарттарына сәйкес қызмет атқаратын болады. Мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылау мемлекет пен қоғамның толыққанды және пәрменді институтына айналуға тиіс. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «100 нақыт қадам» Ұлт жоспары бағдарламасының 93-қадамында аудит пен мемлекеттік аппарат жұмыстарын бағалаудың жаңа жүйесін енгізу, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылдау тапсырылып, осыған сәйкес 2015 жылы 12 қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы заң қабылданды [6].

Мемлекеттік бақылау – тексерілетін субъектілер қызметінің ҚР заңнамасында (Кәсіпкерлер кодексі) белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау және қадағалау органының тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқықтық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін. ҚР Кәсіпкерлер кодексі 130 бабында көрсетілгендей мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың міндеттеріне экономикалық қауіпсіздікті, алдау практикасының алдын алуды, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды әрі жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қоса епестегенде, тексерілетін субъект өндіретін және өткізетін өнімдердің, технологиялық процестердің адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мүлкін қорғауды, қоршаған орта үшін қауіпсіздігін, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады. Кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау және қадағалау тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптылық, бақылау және қадағалай нысандарының анықтығы қағидаттарының негізінде жүзеге асырылады. Мемлекет мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің есептілігі мен анықтығына кепілдік береді. Мемлекеттік бақылау мыналарға бөлінеді: [7].

Кесте №2. Ішкі және сыртқы бақылау анықтамалары





Мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу, құқық бұзушыларға бақылауды және қадағалауды шоғырландыру негізінде жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылау мен аудиторлық бақылаудың айырмашылығын келесідей көрсетуге болады:

Кесте №3. Қаржылық және аудиторлық бақылау арасындағы айырмашылық және ұқсастық

Қаржылық бақылау	Аудиторлық бақылау
<b>Айырмашылықтары</b>	
құнды реттеумен және құн санаттарын пайдаланумен байланысты болып келеді. Тексерулердің мәні пайда, кірістер, кірістілік, шығындар, өзіндік құн, қосылған құн салығы, мемлекеттік салықтар, айналымдар, әртүрлі мақсаттар мен қорларға аударымдар сияқты қаржылық (құндық) көрсеткіштер болып табылады	аудит кәсіпкерлік қызметтің бір түрі болып табылады және шаруашылық жүргізуші субъект пен аудиторлық фирма арасында аудиторлық қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүргізіледі. Есептіліктің дұрыстығы туралы пікір білдіру мақсатында аудиттелетін тұлғаның бухгалтерлік есептілігін тәуелсіз тексеру және заңмен сәйкестігін, бұзушылықтарды анықтау.
<b>Ұқсастықтары</b>	
Бақылаудың екі түрінде қаржылық (бухгалтерлік) тексерістің негізі болып табылады. Экономиканың жай-күйін, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуын бақылау халық шаруашылығын басқарудың маңызды бөлігі болып табылады.	

Қаржылық бақылау, аудит, аудиторлық бақылау және т.б. терминдердің анықтамаларын ғалымдар, экономистер әртүрлі саптауда көрсетіп, анықтаған.

Кесте №4. Терминдер және анықтамалар

Термин	Анықтамасы	Авторы/оқулық
Қаржылық бақылау	ұлттық өнімнің жалпы түсімінің соған сәйкестігі қаржы қорына негізделген бағасымен бөлінуін және бір мақсаттарға жұмсалуды тексеруге бағытталған ерекшеліктері бар қызмет түрі.	Абленов Д.О Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы.

		Алматы: Экономика, 2007. – 11 б.
Аудит	экономикалық әрекеттермен оқиғалар жөнінде белгілі критерийлерге сәйкес деңгейді орнатып, мүдделі пайдаланушыларға нәтижелерді ұсынушы, объективті мәлімет бағалау мен алудың жүйелі процесі	Абленов Д.О Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2007. – 29 б
Аудиторлық бақылау	бұл кәсіпкерлік қызмет түрлерінің бірі – тәуелсіз аудиторлық ұйым мен кәсіпорын, компания, банк, сақтық компаниясы иесінің жасасқан келісімшарт негізінде қаржылық-шаруашылық қызметінің жай-күйін тексеру	Құдпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері: Оқулық: - Алматы ЖШС «Издательство LEM», 2009 – 147 б.
Қаржылық бақылау	мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған қызмет	Әділет заң порталы 7 бап, Мемлекеттік бақылау; <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000997">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000997</a>
Мемлекеттік аудит	тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген, бюджеттік қаражатты, мемлекет, мемлекеттік аудит объектілерінің активтерін, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты басқа қызметпен тартылатын қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігін талдау, бағалау және тексеру;	Әділет заң порталы 7 бап, Мемлекеттік бақылау; <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000997">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000997</a>

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абленов Д.О Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2007 – 544б.
2. Құдпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері: Оқулық: - Алматы ЖШС «Издательство LEM», 2009 – 722б.
3. Әділет заң порталы, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы заңнамасы: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
4. Абленов Д.О Аудит негіздері: Оқулық. – Алматы: Экономика. 2005 – 400б.
5. Интернет ресурс: <https://works.doklad.ru/view/MMJfQGQgp9k.html>
6. Интернет ресурс: <https://www.studocu.com/ru/document/finansovyy-universitet-pri-pravitel%D1%8Cstve-rf/gosudarstvennyy-munitsipal%D1%8Cnyy-finansovyy-kontrol%D1%8C/esse-gosudarstvennyy-finansovyy-kontrol%D1%8C-v-sfere-byudzhetnykh-pravootnosheniy-otsenka-10/619650>
7. Интернет ресурс: <https://emirsaba.org/lpibaev-s.html?page=63>